


БАТЫРДЫҢ БЕКЗАТ БЕЙНЕСІ



Астана мен Алматы қалаларында режиссер Ақан Сатаевтың алаштың батыр ұлы, қайталанбас ерлік иесі Бауыржан Момышулы жайында түсірген төрт сериялы фильмінің тұсаукесері өтті. Сценарий авторы - Тимур Жақсылықов.



Осыған дейін «Жаужүрек мың бала», «Рәкетир», «Ликвидатор» сынды туындыларымен киносүйер қауым жүрегіне жол тапқан режиссердің бұл фильмі «Хабар» агенттігінің тікелей тапсырысымен жарыққа шығып отыр. Әр бөлімі қырық минутқа лайықталған ерлік хикаясына Александр Бектің атақты «Волоколамское шоссе» еңбегінің сюжеті арқау болыпты. Түсірілім Алматы мен Минск қалаларының маңында өтті. Режиссер Ақан Сатаев бастаған шығармашылық жұмысқа оператор Хасан Қыдыралиев, композитор Ренат Гайсин сынды бір топ өз ісін жетік білетін кәсіби мамандар тартылды. Тарихи кинолента көз алдымызға әкелер тасқа басылған сәттердің шынайы көрінуі үшін тер төккен қоюшы-суретшілердің де еңбегі ерен.

Кино мамандарының жүйелегеніндей, картина Бауыржан Момышұлының

әскерге барып, генерал Панфиловпен танысып, батальон командирі, кейін гвардия дивизиясының командирі болғанына дейінгі өткен ерлікке толы өнегелі өмір жолынан сыр шертеді. Қасиетті қазақ елінің Бауыржандай батыр ұлының көркем бейнесін кейіптеу міндеті М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының талантты актері, «Серпер» жастар сыйлығының иегері Еркебұлан Дайыровқа жүктеліпті. Әсел

Сағатова кейіптейтін батырдың жары Бибіжамал бәйбіше, Виктор Ашанин мен Саят Есембаевтың нұсқаулауында экранға шыққан генерал Панфилов пен лейтенант Қасенов те көрерменін жақсы әсерге жетеледі. Әсіресе, бұған дейін қаһарман бабамыздың ғұмырнамасынан сыр шертер көркем туындыларда көп айтыла бермейтін батырдың алғашқы қосағы Бибіжамал апа бейнесінің көпшілік назарына ұсынылуы - аталған тарихи кинохикаяттың жаңалығының бірі деп бағалауға әбден лайық. Фильм тұсаукесерінен кейін өз әсерін бөліскен ба-тырдың келіні Зейнеп Ахметова: «Фильм көңілімнен шықты. Ерекше ұнағаны - осы кезге дейін көп айтылмаған анамыздың образының толық көрінуі. Атаның өзі апамыз жайында: «Ең қадірлеген, ең ардақтаған

жұбайым», - деп жазып кеткені бар. Анамыз бар-жоғы 53 жасында қайтыс болған. Жылына бір рет келіп, жыл он екі айдың қалған уақытында ай сайын баласы мен жұбайына ақша салып тұрғаны болмаса, ата соғыс кезімен қосқанда 14 жылдан кейін отбасына оралған. Осы 14 жыл бойы апа қазақ әйеліне тән төзімділікпен, адалдықпен баласын тәрбиелеп, жұбайының шаңырағын құлатпай, түтінін түзу шығарып отыра берген ғой. Атаның ерлігін де, серілігін де, тентектігін де - барлығын көтерген адам. Тіпті, біраз адам анамызға өсек таратпақшы болып келгенде: «Мен оның серілігін көтеріп отырғанымда, сендер неге көтере алмайсыңдар?» - деп, жеңіл ауызға ермей, кемеңгерлік көрсеткен парасатты жан. Ата соғысқа кеткенде Бөкең жеті айлық іште қалған сәби екен ғой. Фильмді көріп отырып көзіме жас келді. Егер Бөкеңнің көзі тірі болса, ол кісі де қатты толқыр еді. Мінеки, осы анамыздың образы шыққанына мен ана ретінде, сол анамның қазанын ұстап қалған адам ретінде алғысым шексіз. Анамыздың аруағы риза болсын», - деп өз лебізін білдірген апамыз, отанасының бейнесін кейіптеген актриса ойынына да бағасын берді: «Әсел Сағатова анамыздың жас кезіне қатты ұқсайды. Фильмге түспес бұрын Әсел қызым үйге келіп, апаның киген киімдерің ұстаған заттарын көріп, суреттерін саралады. Режиссер Ақанға да рахмет, атаның қарашаңырағынан аттап өтпей, кітапта жазылмаған, қарапайым өмірдегі, тұрмыстағы табиғатын, әдет-дағдыларын сұрап,



кейіпкерінің болмысын экранда шынайы беруге барын салып, жан-жақты ізденді. Енді, міне, сол еңбектің жемісін елмен бірге көріп, қуанып жатырмыз. Өйткені, ата қазақпен тұлғаланса, қазақ атамен мерейлі болды. Сондықтан бәріне ризамын. Фильм 4 сериямен бітуі тиіс емес, ары қарай жалғаса берсе деген тілегім бар». Алапат ерлік иесі Бауыржан Момышұлын қалың қазақ қатал қолбасшы, даңқты батыр деп таниды. Ал батырдың адам ретіндегі болмысы, отбасындағы әке, жар Бауыржанның табиғаты сол батырлығының көлеңкесінде қалып қоятындығы да жасырын емес. Осы тұрғыдан келгенде, тарихи кинокартинаның көрерменіне берері

мол «Мен үшін бұл фильмде Бауыржан Момышұлындай даңқты батырдың жары Бибіжамал апайды кейіптеу үлкен қуанышпен қатар, сондай деңгейде жауапкершілік те жүктеді. Көркем әдебиетте Бауыржан ағамыздың жеке өмірі, отбасы жайлы өте аз айтылған. Сондықтан біздің алдымызда батырдың майдан шебінен тыс, қарапайым өмірдегі қарым-қатынасын, шағын мемлекеті - отбасындағы жар, әке Бауыржанның бейнесін ашу деген үлкен міндет тұрды. Осы жолда көп іздендік, режиссермен сөйлесіп, Бауыржан атамыздың келіні Зейнеп ападан ақыл сұрай отырып, образды өмірге әкелдік. Бұл мен үшін актриса ретінде де, қарапайым

адам, әйел ретінде де үлкен тағылым мектебі болды. Тағы бір айта кетерлік дүние, фильмге барлық шығармашылық ұжым жауапкершілікпен, телегей-теңіз құрмет, таза жүрекпен келді. Сондықтан көрермен қауым лайықты бағасын береді ғой деп сенеміз», - дейді актриса Әсел Сағатова. Ал батырды кейіптеген актер Еркебұлан Дайыров болса, қаһарман бейнесін шығарудағы ізденісімен төмендегіше бөлісті: «Бұл фильмге дайындалу барысында батыр бабаның шығармаларын жан-жақты зерделей оқып, болмысын жіті зерттеуге тырыстым. Ондағы мақсатым - кімнің бейнесін жасап отырғанымды терең түсіну еді. Кейінгі өскелең ұрпақ Бауыржандай даңқты ұлдың бойындағы батырлықты, батылдықты, ұлтын сүйген, тілін қадірлеген қасиетін бойларына дарытса екен деген ниетпен әрі өзіме артқан сенімді абыроймен ақтау үшін бар күш-жігерімді жұмсадым. Бүгін ұлан-байтақ жеріміз бар деп мақтансақ, қасықтай қанын қиып, сол қасиетімізді қызғыштай қорыған текті ұлдардың, батырларымыздың арқасы. Осыны келешек ұрпақ есінен шығаруға тиісті емес».

Сондай-ақ, тұсаукесер рәсімінде аты аталған актерлерден бөлек, «Хабар» агенттігі АҚ басқарма төрағасы Айдос Үкібайсөзали, «Бауыржан Момышұлы» көпсериялы кинотуындысын түсіру жайлы идеяның өмірге келуінен бастап жарыққа шыққанға дейінгі процесінің елеулі тұстарын әңгімелейді. Көрермен қауым фильмді 17 желтоқсаннан бастап сағат 21:30-да «Хабар» арнасынан тамашалай алады.

Еркебұлан ДАЙЫРОВ, «Серпер» жастар сыйлығының иегері, актер:

- Әрбір актер үшін Бауыржан ағамыздың рөлін сомдау үлкен арман. Сол бақыт маған бұйырған екен. Қолдан келгенше сенімді ақтауға бар күшімізді салып бақтық. Бауыржандай қаһарман, қайраткер ұлдарымызды, атпалдай тұлғаларымызды кейінгі өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа таныстыру, жақсы істерін жаһанға жария ету сауапты іс десек, сол игі шараның басы-қасында жүріп, атсалысқаным үшін қуаныштымын.

Назерке РЫМБЕКҚЫЗЫ